

2025 жылдың 28 тамыз (№ 39 хаттама)
«Назарбаев Зияткерлік мектептері»
дербес білім беру ұйымы Басқармасының
шешімімен бекітілген

**Назарбаев Зияткерлік мектептерінің
оқушыларына арналған ішкі тәртіп
Ережесі**

1. Жалпы ереже

1. Білім беру қызметін жүзеге асыратын Назарбаев Зияткерлік мектептерінің (бұдан әрі — Зияткерлік мектептер) оқушыларына арналған ішкі тәртіп Ережесі (бұдан әрі – Ереже), Қазақстан Республикасының «Білім туралы заңы», «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының (бұдан әрі – ДББҰ) Жарғысы, ДББҰ 2035 жылға дейінгі стратегиясы, ДББҰ білім беру қызметінің Ережесіне сәйкес жасалған.

2. Осы Ереже оқушылар үшін білім беру процесінің тәртібін, мектеп формасы мен сыртқы келбетіне қойылатын талаптарды анықтайды, оқушылардың құқықтарын, міндеттерін, жауапкершілігін, ғимаратта, Зияткерлік мектептің аумағындағы және барлық сабақтан тыс іс-шаралардағы оқушылардың мінез-құлқының негізгі нормалары мен ережелерін айқындайды, оқушыларды мадақтау, даулы мәселелерді шешеді, оқушылардың заңды өкілдерімен өзара әрекетті ұйымдастырады. Ереже оқушыларды мадақтау және тәртіптік ықпал ету шараларын қолдану тәртібін, даулы мәселелерді шешу рәсімдерін және оқушылардың заңды өкілдерімен өзара іс-қимылды ұйымдастыру тәртібін реттейді.

3. Ереженің мақсаты – оқушылардың академиялық, тұлғалық және әлеуметтік тұрғыдан табысты дамуына қажетті жағдайлар жасайтын қауіпсіз, қолайлы және инклюзивті білім беру ортасын қалыптастыру, өзара құрмет, жауапкершілікпен мінез-құлық таныту және академиялық адалдық нормаларын сақтау мәдениетін дамыту.

4. Осы Ереже Зияткерлік мектептердің барлық оқушылары үшін міндетті болып табылады. Ереженің күші оқушылардың мектеп ғимаратында және оның аумағында болған барлық уақытта, сондай-ақ мектеп ұйымдастырған іс-шараларға, олардың өткізілетін орнына қарамастан, мектептің ақпараттық жүйелерін, жабдықтарын, мүлкін пайдаланған жағдайларға да қолданылады.

5. Осы Ереже – білім беру процесін ұйымдастыру және жүзеге асыру тәртібін, оқушылардың мінез-құлқына, құқықтарына, міндеттері мен жауапкершілігіне қойылатын талаптарды, сондай-ақ Зияткерлік мектептің әкімшілігімен және оқушылардың заңды өкілдерімен өзара іс-қимыл жасау қағидаларын реттейтін бірыңғай құжат болып табылады.

6. Бұл Ереже ДББҰ мен Зияткерлік мектептердің ресми сайттарында ашық қолжетімді.

7. Зияткерлік мектептің әкімшілігі мен педагог-ұйымдастырушы-кураторлары оқушылардың заңды өкілдерін осы Ережемен оқуға қабылдау туралы өтініш берген кезде және білім беру қызметтерін көрсету туралы шарт жасау барысында таныстыруға міндетті. Ережемен танысқандығы туралы дәлел ретінде ДББҰ-ның нормативтік құжаттарымен танысу журналына (бұдан әрі – Журнал) олардың жеке қолын қойғызу арқылы тіркеледі (1-қосымша). Оқушылар осы Ережемен оқу жылының басында кураторлық сағаттарда жыл сайын танысады және танысқандығы туралы Журналға қол қояды.

8. Осы Ережеге өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген жағдайда, оқушылардың заңды өкілдерімен кезекті ата-аналар жиналысында танысады және танысқандығы туралы Журналға жеке қолдарын қояды. Егер жиналысқа қатыспаған жағдайда, хабарлама заңды өкілдің қабылдау туралы өтінішінде және/немесе білім беру қызметтерін көрсету туралы шартта көрсетілген электрондық поштаға немесе WhatsApp мессенджеріне жіберіледі, бұл ресми байланыс арналары болып есептеледі. Хабарламаның жіберілгендігі мен жеткізілгендігін экранның суреті (скриншоты) немесе басқа техникалық әдіспен расталған жағдайда, бұл тиісті хабарландыру болып саналады; бұл растама оқушының жеке ісіне тіркеледі.

Оқушылар педагог-ұйымдастырушы-куратордың жауапкершілігімен ұйымдастырылған кураторлық сағатта аталған өзгерістермен танысады, бұл дәлел ретінде Журналға қол қою арқылы расталады.

9. Осы Ережеде реттелмеген мәселелер «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ бекіткен нормативтік актілеріне, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қарастырылады.

2. Зияткерлік мектептердегі білім беру процесінің тәртібі

10. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету және оқушылардың қатысуын есепке алу мақсатында Зияткерлік мектептің аумағына кіру және шығу тек мектепте орнатылған Ақпараттық жүйелерге қолжетімділікті бақылау және басқару жүйесі (бұдан әрі - ҚББЖ) арқылы жүзеге асырылады. ҚББЖ пайдалану барлық оқушылар үшін міндетті болып табылады.

11. Оқушылардың Зияткерлік мектептерде білім беру процесімен байланысты емес уақытта жүрулеріне жол берілмейді:

- оқу сабақтары аяқталғаннан кейін;
- демалыс және мерекелік күндерде.

12. Оқу сабақтары сабақ кестесіне сай, Зияткерлік мектеп директорларының бекітуімен және жыл бойы директордың оқу ісі, тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарларының реттеуімен өткізіледі.

Зияткерлік мектептердегі академиялық сағаттардың ұзақтығы – 40 минут. Зияткерлік мектептер алдын—ала ДББҰ-ның келісімімен 1 сағаттық (60 минут) академиялық сабақтарды өткізуге құқығы бар. Сабақтардың арасындағы үзілістің ұзақтығы 5-20 минуттан кем емес болады.

13. Оқушылардың денсаулығын сақтау, цифрлық технологияларға

тәуелділіктің алдын алу, кибербуллингтің алдын алу, қауіпсіздікті қамтамасыз ету және оқу үдерісінің сапасын арттыру мақсатында Зияткерлік мектептерде смартқұрылғыларды пайдалануға, сондай-ақ оларды мектепте жүрген уақытта өзімен бірге алып жүруге тыйым салынады. Бұл талап оқу процесі аяқталғаннан кейін жатақханада тұратын оқушылардың смартқұрылғыларды пайдалануына қатысы болмайды. Смартқұрылғы — бұл есептеу мүмкіндігі бар, ғаламторға немесе басқа желілерге қосылып, дерек алмасу қабілетіне ие электронды құрылғы. Бұл құрылғылар әдетте сенсорлармен және бағдарламалық қамтамасыз етілген, бұл пайдаланушылармен әрі басқа құрылғылармен өзара әрекеттесуге мүмкіндік береді. Смартқұрылғыларға смартфондар, планшеттер, смартсағаттар, цифрлық плеерлер және соған ұқсас басқа да құрылғылар жатады. Ата-аналармен немесе заңды өкілдермен байланысу үшін оқушыларға тек қана қоңырау шалу және SMS жіберу функциялары бар, ғаламторға қосыла алмайтын және қосымша орнату мүмкіндігі жоқ батырмалы ұялы телефонды пайдалануға рұқсат етіледі. Сонымен қатар мектепте орнатылған стационарлық телефондарды да пайдалануға болады. Медициналық қажеттілік туындаған жағдайда растайтын құжат (медициналық анықтама немесе дәрігердің қорытындысы) болған кезде ерекше жағдай қарастырылуы мүмкін. Бұл жағдайда оқушының заңды өкілі мектеп әкімшілігіне жазбаша өтініш жазуы қажет.

14. Білім беру қызметінің жалпы ұзақтығы, соның ішінде оқу жүктемесінің мөлшері, оқу күндерінің тәртібі ДББҰ білім беру қызметінің Ережесіне сай реттеледі

3. Оқушылардың сыртқы келбеті мен мектеп киім үлгісіне қойылатын талаптар

15. Оқушылардың сырт келбеті жалпыға ортақ іскерлік стиль нормаларына сәйкес, ұқыпты әрі жинақы болуы тиіс, көзге ерсі көрінетін немесе арандатушылық сипаттағы элементтерге жол берілмейді.

1. Ұлдар (ер балалар) үшін шаш үлгісі ұқыпты қиылған және іскерлік стиль талаптарына сай болуы керек.

2. Қыздар (қыз балалар) үшін ұзын шаштары жинақы болуы, ал орташа ұзындықтағы шаштары шаш қыстырғыштармен немесе сырттың назарын аудартпайтын басқа да аксессуарлармен бекітілуі қажет.

16. Зияткерлік мектептерде оқушылардың мектепте киетін киім үлгісі бекітілген, оның үлгісі ДББҰ Басқармасының шешімімен бекітіледі және ДББҰ мен Зияткерлік мектептердің ресми сайтында қолжетімді.

17. Мектеп формасын енгізу оқытудың зайырлы сипатын жүзеге асыруға және оқушылар арасындағы әлеуметтік, мүлдіктік және басқа да айырмашылықтарды жоюға бағытталған.

18. Мектеп формасына қойылатын талаптар:

- 1) киім стилі – іскерлік, классикалық.
- 2) мектеп формасының түрлері:

- Күнделікті мектеп формасы: классикалық, бірыңғай ақ, ашық көк немесе ашық қызғылт түсті жейде; міндетті элементтері – галстук пен шеврон; жағасы бар ақ түсті поло киюге рұқсат етіледі; Қыздар мен жасөспірім ұлдардың шалбары кең пішімді болып, тобықты жабуы тиіс. Қыздардың белдемшесінің (юбка) ұзындығы тізеден төмен болуы қажет.

- Спорттық форма: еркін үлгідегі спорттық шалбар мен жейде; тек дене шынықтыру сабақтарында, спорттық үйірмелер мен секцияларында, сондай-ақ туристік жорықтарда киюге арналған.

19. Оқудың зайырлы сипатын, мектеп формасының бірыңғай стандартын және барлық оқушылар үшін тең жағдайларды қамтамасыз ететін осы Ереженің 17-тармағының ережелерін іске асыру мақсатында мектеп формасын киген кезде тыйым салынады:

1) ауыстырып киетін аяқ киім ретінде аяқ киімдердің артқы жағы ашық түрлері (шәркей, «сүйретпе» т.б.) 4,5 см-ден астам биік өкшелі аяқ киім кию керек;

2) діни сипаттағы белгілері бар киімдер: хиджаб, никаб, бурка, чадра, паранджа, сикх тюрбандары мен иудей бас киімдерін, «ірі» христиандық крестерді және т.б.) киюге;

3) дене мүшелерін жалаңаштауға (ішін, бел, кеуде);

4) көзді жауып тұратын кекіл қоюға, сонымен қатар «панки» үлгісінде шаш қиюға, ұлдарға шаш, сақал, мұрт өсіруіне;

5) шашты ашық, табиғи емес, көзге анық түсетін түстерге бояу (ашық қызғылт, неонды, жасыл, көк, күлгін, қанық қызыл, күміс түсті металл реңктері және олардың комбинациялары) тыйым салынады. Табиғи түстер (қоңыр, сұрғылт, блонд, қара) тәртіп бұзушылық болып есептелмейді.

6) ашық түсті косметикамен боянуға, тату салу;

7) көз тартатын әшекейлер тағу, пирсинг, ашық түсті маникюр жасауға болмайды.

4. Зияткерлік мектеп оқушыларының негізгі құқықтары мен міндеттері

20. Оқушылар төмендегідей құқықтарға ие:

1. Зияткерлік мектептің білім беру бағдарламасына сәйкес сапалы білім алуға;

2. Буллинг, кемсіту, қудалау, ар-ожданға тию, қорлау, төмендету болмайтын қауіпсіз және қолайлы оқу ортасында болуына;

3. Ақпараттық ресурстарды, спорт, оқу залы, акт залдарын, компьютерлік сыныптарды және кітапхананы тегін пайдалануға;

4. Оқу құралдары, оқу-әдістемелік құралдар мен оқу-әдістемелік нұсқаулықтармен қамтамасыз ету;

5. Білім беру қызметі, оның ішінде оқу үлгерімі туралы ақпарат алуға;

6. Зияткерлік мектептің оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымының жұмысына қатысуына;

7. Интеллектуалды, кәсіпкерлік, спорттық және шығармашылық бағыттағы байқаулар мен жарыстарға қатысуға;
8. Зияткерлік мектепте өтетін элективті курстар, жобалар, клубтар және үйірмелер туралы ақпарат алуға;
9. Зияткерлік мектеп мамандары тарапынан әлеуметтік-педагогикалық, психологиялық және медициналық көмек алуға;
10. Демалыстар, сабақтар арасындағы үзілістерге;
11. Белгіленген тәртіппен бір Зияткерлік мектептен екіншісіне ауысуға;
12. Оқу мен шығармашылықтағы жетістіктері үшін марапатталуына;
13. Осы Ережелерді бұзу бойынша негізсіз айыптаулардан қорғану және дәлелдер ұсыну мүмкіндігіне;
14. Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңнамасына сәйкес өзге де құқықтарға ие.

21. Оқушылардың міндеттері:

1. Осы Ереженің талаптарын және Зияткерлік мектептердің Педагогикалық кеңестің шешімдерін, қауіпсіздік техникасын, өрт қауіпсіздігі ережелерін және ДББҰ-ның басқа да нормативті құжаттарын сақтау;
2. әкімшілік, педагогтар мен педагог-ұйымдастырушы-кураторлардың білім беру қызметіндегі қауіпсіздігін сақтауға бағытталған тапсырмаларды орындау;
3. Зияткерлік мектептің оқу процесінің тәртібіне сай сабаққа қатысуға және себепсіз сабақтан қалмауға;
4. Зияткерлік мектептің білім беру бағдарламасының талаптарына сай білім, дағды, тәжірибелік дағдылары мен құзыреттерді меңгеру және үй тапсырмаларын уақытылы орындауға;
5. Зияткерлік мектепте академиялық адалдық Ережесін сақтауға;
6. сыпайы және адал болу, мектеп қоғамдастығы мүшелерінің қадір-қасиеті мен тең құқықтарын құрметтеуге, өзге де жеке тұлғалардың, оның ішінде тілдік, гендерлік, ұлттық, діни және басқа да белгілер бойынша құқықтарына нұқсан келтіретін немесе бұзатын кез-келген әрекеттерден аулақ болуға;
7. Заңды өкілдерге үлгерімі, тәртібі, сабақтан тыс уақытын ұйымдастыру әрекеттері жайлы үнемі хабарлап отыруға;
8. Зияткерлік мектептерде белгіленген мектеп формасын киюге, өзінің сыртқы келбетін қадағалауға;
9. денсаулығын күтіп, физикалық және рухани өзін-өзі жетілдіруіне ұмтылу;
10. Зияткерлік мектептердің мүлкіне жанашырлықпен қарау әрі сақталуын қамтамасыз ету;
11. оқулықтар мен оқу құралдарын, құрал-жабдықтарды (музыкалық аспаптарды, техникалық оқу құралдарын) жұмысқа жарамды жағдайда ұстауға;

12.оқу орнында, жеке шкафтарда, тамақ ішуге арналған арнайы орындарда тазалықты сақтауға;

13.Зияткерлік мектеп оқушыларының және қызметкерлерінің өмірлеріне әл-ауқатына қауіпті жағдай туралы әкімшілік, мұғалім, педагог-ұйымдастырушы-кураторға хабарлауға;

14.Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін білу және оларға құрметпен қарауға;

15.Зияткерлік мектептің бекітілген жұмыс тәртібіне сәйкес арнайы белгіленген орындарда тамақтануға;

16.Қоғамдық пайдалы жұмыстар мен іс-шараларға қатысуға (сыныпты, аумақтарды жинау, әлеуметтік жобалар, практикаларға және т. б. қатысу).

17.Білім саласына қатысты Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес өзге де міндеттерді сақтау.

5. Оқушылардың тәртіп ережесі

22. Жалпы ережелер

1) Оқушылар Зияткерлік мектепке сабақтың басталуына 10-15 минут қалғанда, Ереже талаптарына сай сыртқы келбеті таза, мектептің бірыңғай киім үлгісін үтіктелген киіп келуі қажет.

2) Оқушылар мектепке кіргеннен кейін сырт киімдерін жеке арнайы шкафтарына қалдырады және қажет болған жағдайда аяқ киім ауыстырады.

3) Қозғалысы шектеулі адамдарға (мүгедектерге) арналған лифтілер мен санитарлық тораптарды пайдалануға оқушылар медициналық көрсеткіштері болғанда, төтенше және басқа да шұғыл жағдайларда немесе өкілетті қызметкердің нұсқауымен пайдаланады.

4) Оқушы смартқұрылғымен келген жағдайда оқуы аяқталғанға дейін арнайы белгіленген орынға дереу тапсыруға міндетті. Сақтауға тапсырылмаған смартқұрылғы табылған жағдайда, мектеп қызметкері дереу педагог-ұйымдастырушы-кураторға хабарлайды. Педагог-ұйымдастырушы-куратордың құрылғыны алуы тек оқу күнінің уақытысында ғана және осы Ереженің орындалуын қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырылады.

Алғаш және қайталанған жағдайлардағы әрекет тәртібі осы Ереженің 8-бөлімінде белгіленген.

23. Сабақтағы тәртіп

Рұқсат етіледі және талап етіледі:

1. Оқушы сабақ басталмас бұрын өзінің жұмыс орнын және сынып жұмысына қажет барлық заттарды даярлап қоюы тиіс;

2. Педагог немесе кез-келген ересек адам кіргенде оқушылар тұрып, амандасу;

3. Оқушылар сабақ уақытын тек оқу және тәрбиелеу мақсаттарына пайдалану;

4. Техникалық құралдарды педагогтың рұқсатымен оқу мақсатында пайдалануы тиіс;

5. Оқу кабинетінен тек педагогтың рұқсатымен шығу қажет.

Тыйым салынады:

1. Оқу процесіне қатысы жоқ әрекеттер жасауға, дауысты көтеру, сабаққа қатыспау, басқа оқушылардың оқуына кедергі келтіріп сөйлеу немесе әрекеттер жасау;

2. Ұялы телефондар, смартфондар, планшеттер және басқа құрылғыларды оқу процесіне қатысы жоқ мақсаттарда пайдалану.

24. Үзіліс кезіндегі тәртіп

Рұқсат етіледі және талап етіледі:

1. Сабақ кестесіне байланысты оқушыларға басқа кабинетке (қажеттілік болғанда) ауысуға;

2. Қозғалыс тәртібін сақтай отырып, физикалық жаттығулар жасау және демалу;

3. Арнайы белгіленген орындарда тамақтануға;

4. Қажет болған жағдайда стационарлық телефондар немесе батырмалы ұялы телефондар арқылы қоңырау шалу;

5. Мектеп кітапханасына бару.

Оқушыларға үзіліс кезінде тыйым салынады:

1. Өзге адамдардың демалуына кедергі жасау, соның ішінде қатты сөйлеуге, айқайлауға, шу көтеруге;

2. Оқу процесімен байланысты емес мақсаттарда құрылғыларды пайдалану, рұқсат етілген батырмалы телефондарды қоспағанда;

3. Бірін-бірі итеруге, заттарды лақтыру және кез-келген мәселені шешу үшін физикалық күш қолдану;

4. Баспалдақтар мен дәліздерде жүгіру, баспалдақтың жиегімен сырғанау;

5. Білім беру қызметіндегі қатысушыларының өміріне, денсаулығына және мүлкіне қауіп төндіретін әрекеттер жасау.

25. Асханадағы тәртіп

Рұқсат етіледі және талап етіледі:

1. Тамақтану тек бекітілген тәртіпке сәйкес арнайы орындарда ғана рұқсат етілген;

2. Оқушылар жеке гигиена ережесін сақтауы тиіс: асханаға шаштарын жинап, сырт киімсіз кіру, тамақтанар алдында қолдарын мұқият жуу;

3. Оқушылар мектеп асханасына асықпай, итермелемей, кезекті бұзбай барады;

4. Асханада тазалықты сақтау, тамақтан кейін үстелді жинау;

5. Асханада кезекті, реттілікті сақтау қажет, асхана қызметкерлерінің талаптарын орындау.

Тыйым салынады:

1. Шулау, дауыс көтермеу, өзге оқушыларға кедергі жасау;

2. Тамақтануды арнайы белгіленген орындардан тыс орындарда ішу;

3. Кезекті бұзу, итеру, қызметкерлерге немесе оқушыларға дөрекілік

көрсету.

26. Сабақтан тыс іс-шараларды өткізу кезіндегі тәртіп

Рұқсат етіледі және талап етіледі:

1. Іс-шаралар алдында қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулықтан өту;
2. Оқушыларға жауапты қызметкерлердің талаптарын орындау;
3. Жергілікті дәстүрлерді құрметтеу, табиғатқа, тарихи және мәдени ескерткіштерге, мүліктерге жауапкершілікпен қарау;
4. Оқушылар тәртіпті сақтауы, белгіленген бағытты ұстануы, егер топ жетекшісі анықтаған болса, топтың орналасқан жерінде қалуы және іс-шара өтетін жерге осы Ережеде белгіленген сыртқы келбеті мен мектеп формасына қойылатын талаптарды сақтай отырып, уақытылы келуі тиіс;
5. Жеке гигиена ережелерін сақтау, жарақаттар немесе денсаулықтың нашарлауын уақытылы хабарлау.

Тыйым салынады:

1. Өз өмірі мен денсаулығына, сондай-ақ басқа қатысушылардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін әрекеттер жасау;
2. Ашық отты, пиротехникалық және басқа да қауіпті құралдарды қолдану;
3. Өрт қауіпін тудыруы мүмкін химиялық немесе басқа заттарды пайдаланып жарық эффектілерін ұйымдастыру.

6. Оқушылардың сабақтан қалуын рәсімдеу тәртібі

27. Сабақтан қалудың дәлелді себептері:

- 1) оқушының сырқаттануы (анықтама қағазы);
- 2) дәрігердің қабылдауына бару (анықтама қағазы);
- 3) отбасы жағдайына байланысты оқу жылында 10 (он) күннен аспайтын мерзімде заңды өкілдің жазбаша берілген өтініші және міндетті түрде Зияткерлік мектеп директорының келісімімен сабақтан босатылуы;
- 4) білім беру аясында өткізілген пәндік олимпиадаларға, жарыстарға және басқа да шараларға қатысу;
- 5) мектептен тыс ұйымдардың пәндік олимпиадаларға, жарыстарға және басқа да шараларға қатысуы туралы өтінімі.

28. Оқушы сырқаттануына байланысты сабақтан қалатын болса, заңды өкілі аурудың алғашқы күні педагог-ұйымдастырушы-кураторды хабардар етуге, ал мектепке келген алғашқы күні анықтаманы ұсынуға міндетті.

29. Оқушы сабақтан Зияткерлік мектептің өткізіп отырған пәндік олимпиадаларына, жарыстарына және басқа да шараларға қатысуына байланысты қалатын болса, себебін педагог-ұйымдастырушы-куратор Бірыңғай ақпараттық білім беру ортасына (БАББО орысша ЕИОС) жазады.

30. Оқушы мектептен тыс ұйымдардың өтінімі бойынша сабақтан қалатын болса, төмендегідей тәртіп жүзеге асады:

- 1) заңды өкіл бір күн бұрын педагог-ұйымдастырушы-кураторды хабардар етеді және Зияткерлік мектеп директорының атына жазбаша өтініш

береді, оған мектептен тыс ұйымнан ресми хат қоса беріледі;

2) оқушының заңды өкілінің өтініші негізінде директор өтініш хатты келісетін немесе келіспейтіндігі туралы шешім қабылдайды. Зияткерлік мектеп директоры келіскен жағдайда сәйкесінше бұйрық шығарады.

31. Заңды өкілдер оқушының сабақтан қалған күндеріндегі бағдарламаға сәйкес материалдарды меңгеруіне жауап береді.

32. Дәлелсіз себептермен сабақтан қалу себептері туралы жазбаны педагог БАББО-да (орысша ЕИОС) сабақ сайын рәсімдейді. Дәлелсіз себептермен сабақтан қалған оқушылар осы Ережеде көзделген тәртіптік жауаптылыққа тартылады.

7. Оқушыларды марапаттау (ынталандыру)

33. Зияткерлік мектептің оқушылары оқуда жоғары нәтиже көрсеткені үшін, шығармашылық табыс, спорт, қоғам өмірінде белсенділік танытқаны үшін марапатталады.

34. Марапат түрлері:

- 1) алғыс жариялау;
- 2) құрмет грамотасы, мадақтау қағазымен марапаттау;
- 3) «Жыл оқушысы» атағын беру;
- 4) «Жыл Шаңырағы» атағын беру;
- 5) ДББҰ ғаламтор ресурсында, бұқаралық ақпарат құралдарында марапат туралы мақалалардың жарық көруі.

35. Зияткерлік мектеп оқушыларын марапаттау мәселесін Мадақтау комиссиясы үйлестіреді.

36. Мадақтау комиссиясының құрамы мен жұмыс уақыты әр оқу жылында Зияткерлік мектептің директорының бұйрығымен бекітіледі. Мадақтау комиссиясын төраға басқарады, ал оның құрамына мұғалімдер, педагог-ұйымдастырушы-кураторлар, Зияткерлік мектептің оқушылары, ата-аналар комитетінің өкілдері кіреді. Мадақтау комиссиясы мүшелері өздерінің қызмет әрекетін 2 жыл өтеусіз негізде атқарады.

Марапаттау комиссиясының құрамында болып, мерзімі аяқталған тұлғалар оның құрамына қайтадан тек 2 жылдан кейін ғана кіре алады.

37. Көпшілік алдында мадақтау сыныпта, «Шаңырақ» оқушылар қауымдастығында, мектеп жиналыстарында, Педагогикалық кеңес кезінде ұйымдастырылады.

38. Зияткерлік мектептің директоры аталған Ережеде қарастырылмаған өзге де мадақтау түрлерін ұйымдастыруына болады.

39. Жеке және жалпы (ұжымдық) түрдегі, сондай-ақ оқушыға бір уақытта

бірнеше мадақтау түрлерін қатар жүргізуге болады.

40. Мадақтау Зияткерлік мектеп директорының бұйрығымен рәсімделеді және оқушының жеке ісіне енгізіледі. Педагог-ұйымдастырушы-куратор оқушының заңды өкілдеріне, мектеп қоғамдастығына салтанатты түрде (мүмкіндігінше) мадақтау Бұйрығы туралы хабарлайды.

8. Зияткерлік мектептер оқушыларына қойылатын тыйым салу нормалары мен жауапкершіліктер

41. Жалпы ережелер

1. Білім беру қызметіне қатысушылардың денсаулығын, қауіпсіздігін және құқықтарын сақтау үшін қолайлы жағдайларды қамтамасыз ету мақсатында Зияткерлік мектептердің оқушыларына осы бөлімде көрсетілген әрекеттерді жасауға тыйым салынады.

2. Белгіленген тыйымдарды бұзғаны үшін оқушылар осы Ережелерге және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес тәртіптік жауапкершілікке тартылады.

3. Тәртіп бұзушылық ауырлығы жағынан 3 түрге бөлінеді:

- 1) жеңіл;
- 2) елеулі;
- 3) маңызды.

42. Жеңіл тәртіп бұзушылыққа жататындар:

1. Оқу процесі кезінде және сабақтан тыс уақытта тәртіп бұзу, соның ішінде:

— оқу процесімен байланысты емес және оқу процесінен алаңдататын электронды ойындар мен басқа құрылғыларды немесе заттарды пайдалану;
 — оқушының смартқұрылғысын белгіленген тәртіппен сақтау орнына тапсырмағандығын алғаш рет анықтау немесе оны оқу процесі кезінде қолдану, сонымен қатар үзілістерде пайдалану;
 — осы Ережеде белгіленген тәртіпті бұза отырып, сабақ барысында батырмалы ұялы телефондарды немесе басқа байланыс құралдарын алғаш рет пайдалануы.

— рұқсатсыз сөйлесу, сабаққа қатысы жоқ іс-әрекеттермен айналысу, шу шығару, сабақ өтуіне кедергі жасау.

2. Сабаққа, жиынға, таңғы жиналысқа, жалпы мектеп шараларына себепсіз кешігу.

3. Мектеп формасына және сыртқы келбетке қойылған талаптарды орындамау, соның ішінде:

— белгіленген талаптарға сай келмейтін киім кию;
 — форманы таза емес, ұқыпсыз киюі;
 — мектеп формасының іскерлік стиліне сәйкес келмейтін аксессуарларды тағу.

4. Үй тапсырмасын себепсіз орындамау.

5. Арнайы белгіленген орындардан тыс жерде тамақтану.

6. Мектеп ғимаратында, аумағында және Зияткерлік мектептің аумағынан тыс жерде тәртіп бұзу, соның ішінде:

— шу шығару, жүгіріп жүру, жүйесіз қозғалыс, заттарды лақтыру;
 — білім беру қызметіне қатысушыларға кедергі келтіретін әрекеттер;
 — мектеп аумағында белгіленген қозғалыс бағыттарын сақтамау.

7. Ғимараттарда, мектеп аумағында, асханада тазалық пен тәртіпті

сақтамау,		соның		ішінде:
—	жеке	гигиена	ережелерін	сақтамау;
—	кезекте	тұру	тәртібін	сақтамау;
—	тамақтан	кейін	тазалық	жұмыстарын орындамау;

— сыныпта, дәлізде, мектеп аумағында қоқыс қалдыру.

8. Мектептің компьютерлері мен басқа техникалық құралдарын пайдалану ережелерін бұзу (соның ішінде мектеп ішіндегі ішкі актілерге сәйкес).

9. Зияткерлік мектептің және басқа жеке және заңды тұлғалардың мүлкін абайсызда бүлдіру немесе зақымдау.

10. Электронды құрылғыларды мақсатынан тыс пайдалану:
— мектепте компьютерде, ноутбукта, планшетте, нетбукта және т.б. оқу бағдарламасында көзделген оқыту және дамытушы ойындардан басқа ойын ойнау.

11. Тәртіп пен режимді бұзудың басқа да түрлері, соның ішінде:
— рұқсатсыз шектеулі қолжетімділігі бар бөлмелерде болу;
— асхана, кітапхана, спорт залдар, шығармашылық орындардың (NIS-engineering және т.б.) қызметтерін пайдалану кестесін алғаш рет бұзу.

43. Жеңіл тәртіп бұзушылықтар кезінде әрекет ету тәртібі:

1. Алғаш рет анықталған кезде:
— бұзушылық туралы акт жасалады;
— оқушымен әңгімелесу жүргізіледі;
— егер оқушыдан сақтауға тапсырылмаған смартқұрылғы анықталса немесе сабақ барысында батырмалы ұялы телефон пайдаланған болса, аталған құрылғыны оқу күні аяқталғанға дейін педагог-ұйымдастырушы-куратор алып қояды.

2. Қайтадан анықталған жағдайда (6 ай ішінде):
— бұзушылық туралы акт жасалады;
— әңгімелесуді жүргізу үшін оқушының ата-анасы (заңды өкілдері) мектеп әкімшілігінің қатысуымен шақырылады;
— егер қайтадан сақтауға тапсырылмаған смартқұрылғы немесе сабақта пайдаланылған батырмалы телефон анықталса — құрылғы барлық сабақ аяқталғанға дейін алынып қойылады және тек ата-анасына (заңды өкілдеріне) қайтарылады;
— педагог-ұйымдастырушы-куратор және әкімшілік осы Ереженің 3-қосымшасына сәйкес тәрбие шараларын қолданады.

44. Елеулі тәртіп бұзушылыққа жататындар:

1. Жеңіл тәртіпсіздікке жататын тәртіп бұзушылық жасалған күннен бастап 6 ай ішінде (екі және одан да көп) қайталануы, немесе бір мезгілде бірнеше жеңіл тәртіпсіздікке жататын тәртіп бұзушылық жасау;

2. Оқу сабақтарына, элективті курстарға, үйірмелерге, секцияларға, клубтарға және сабақтан тыс іс-шараларға дәлелсіз себеппен катыспау (тоқсанына 3 реттен артық);

3. Педагог-ұйымдастырушы-куратордың, мектеп әкімшілігінің

рұқсатынсыз бейтаныс адамдарды Зияткерлік мектеп аумағына мектепке шақыру және / немесе мектептен кету;

4. Карталарды, ставкаларды, лотереяларды және лотерея қызметін қоса алғанда, құмар ойындарға қатысу, сондай-ақ оларды тарату, Зияткерлік мектеп аумағына құмар ойындарға байланысты кез-келген заттарды (карталар, ойын чиптері және т. б.) енгізу, ойынға тәуелділіктің көрінісі (лудомания);

5. Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін білмеу немесе оған құрмет көрсетпеуі;

6. Мектеп қоғамдастығы мүшелерінің және өзге де жеке тұлғалардың ар-намысы мен қадір-қасиетін қорлау, оларға қысым жасау, құқықтарын бұзу ;

7. Ерсі сөздер мен балағат лексиканы қолдану;

8. Діни ағымдардың рәміздері немесе атрибутикасын ашық көрсетуі, сондай-ақ білім беру қызметінің мақсаттарына қайшы келетін өзге де әрекеттер жария ету (оның ішінде жыныстық бағдарын көрсету).

9. Үшінші тұлғалар туралы жеке деректерді, бейнелерді, аудио және бейнежазбаларды, сондай-ақ өзге де ақпаратты олардың алдын-ала келісімінсіз бұқаралық ақпарат құралдарында және/немесе ғаламтор желісі арқылы беруі, таратуы немесе орналастыруы, сонымен бірге Зияткерлік мектептің оқушыларына, қызметкерлеріне, әкімшілігіне немесе құқықтары мен заңды мүдделеріне нұқсан келуі мүмкін басқа жеке және заңды тұлғаларға қатысты осындай әрекеттерді жасауы.

10. Мұғалімнің рұқсатынсыз сабақ барысында сыныптан өздігінше шығуы.

11. Міндетті қоғамдық пайдалы жұмыстар мен іс-шараларға қатысудан бас тарту (сыныптарды, аумақтарды жинау, әлеуметтік жобаларға, практикаларға қатысу және т. б.);

12. Бұқаралық және сабақтан тыс іс-шараларды өткізу кезінде жауапты қызметкердің талаптарын, барған жерлерде тазалықты сақтамау, сыртқы келбетін талапқа сай сақтамау, жергілікті дәстүрлерді, тарих және мәдениет ескерткіштеріне құрмет көрсетпеу.

13. Оқу процесі барысында, оның ішінде үзіліс кезінде, белгіленген тәртіпке сәйкес сақтауға тапсырылмаған смарт-құрылғыны бірнеше рет (алты ай ішінде екі немесе одан да көп рет) алып жүруі немесе пайдалануы.

14. Осы Ережемен белгіленген тәртіпті бұза отырып, білім беру қызметінде барысында алты ай ішінде екі немесе одан да көп рет батырмалы ұялы телефондарды немесе басқа да байланыс құралдарын пайдалануы.

15. Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын оқушылардың Қазақстан Республикасының заңнамасында және/немесе Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда көзделген жағдайларды қоспағанда, шетел мемлекетінің ресми ұлттық құрама командасы құрамында олимпиадаларға, жарыстарға және өзге де іс-шараларға қатысуы.

45. Маңызды тәртіпсіздікке жататындар:

1. Елеулі тәртіпсіздікке жататын тәртіп бұзушылық жасалған күннен

бастап 6 ай ішінде (екі және одан да көп) қайталануы; бір мезгілде бірнеше елеулі тәртіпсіздікке жататын тәртіп бұзушылық жасау; немесе елеулі және жеңіл тәртіпсіздікті бір мезгілде жасауы.

2. Қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық белгілерін қамтитын әрекеттерді жасауы (ұрлық, тонау, қорқытып алу, ұрып-соғу, қоқан лоққы көрсету, бұзақылық және т.б.).

3. Білім беру процесінің кез-келген қатысушысына немесе мектеп аумағында жүрген басқа тұлғаға қасақана дене жарақатын салуы.

4. Зияткерлік мектеп аумағында және одан тыс жерде (мектеп атынан өткізілетін іс-шаралар кезінде) алкогольдік ішімдіктерді, темекі өнімдерін, электронды темекілерді, насыбай, психоактивті заттарды, есірткі құралдарын және олардың баламаларын, уытты заттарды, сондай-ақ оларды тұтынуға арналған заттар мен бұйымдарды сақтау, тарату немесе қолдану.

5. Мектеп аумағына қару-жарақ, оқ-дәрілер, пиротехникалық бұйымдар, газ баллондары, өткір, кесетін және өмір мен денсаулыққа қауіпті өзге де заттарды алып кіру және/немесе сақтау.

6. Зияткерлік мектептің, басқа оқушылардың, қызметкерлердің немесе үшінші тұлғалардың мүлкін қасақана бүлдіруі, құртуы, бүлдіруі, істен шығару, оның ішінде вандализм әрекеттерін жасауы.

7. Буллингке, қудалауға, жүйелі түрде психологиялық немесе физикалық зорлық-зомбылыққа қатысуы, оның ішінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану арқылы (кибербуллинг).

8. Ұлттық, діни, әлеуметтік немесе өзге де белгілері бойынша кемсітушілікпен қатар жүретін ар-намысты қорлайтын, қадір-қасиетті төмендететін әрекеттер жасауы.

9. Зияткерлік мектептерде оқушылардың академиялық адалдығын сақтау ережелерін бұзуы;

10. Қазақстан Республикасының экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының талаптарын бұзуы, оның ішінде:

- экстремистік немесе террористік қызметке қатысуы;
- экстремистік материалдарды сақтау, тарату немесе көрсетуі;
- радикалды көзқарастарды насихаттауы.

11. Авариялық және төтенше жағдайларды қасақана туындатуы (жедел қызметтерге жалған қоңырау шалу, өрт қою, эвакуациялық шығу жолдарын бөгеп тастау және т.б.).

12. Мектеп қызметкерлерінің заңды талаптарын орындаудан бас тартуы, егер мұндай бас тарту білім беру процесінің қатысушыларының өміріне немесе денсаулығына қауіп төндірсе не мүлікке айтарлықтай залал келтіруі.

13. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ-ның, Зяткерлік мектептің және/немесе олардың қауымдастығы мүшелерінің ар-намысына, қадір-қасиетіне және іскерлік беделіне нұқсан келтіретін материалдарды дайындауы, жариялауы және/немесе таратуы.

14. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану кезінде дербес деректердің таралуына немесе оларға заңсыз қол жеткізуге, сондай-ақ

Зияткерлік мектептің құпия ақпараттарына жол берген бұзушылықтар.

15. Қазақстан Республикасының заңнамасына, Зияткерлік мектептің ішкі нормативтік актілеріне және осы Ережеге сәйкес елеулі деп танылатын өзге де әрекеттер.

46. Елеулі және маңызды тәртіп бұзушылықтар орын алған жағдайда әрекет ету тәртібі:

1. Тәртіп бұзушылық фактісі бойынша акт жасалады, онда оқиға болған күні, уақыты, орны, мән-жайлары мен куәлары (бар болған жағдайда), сондай-ақ тіркелген дәлелдемелер сипатталады. Тәртіп бұзушылық фактісін объективті түрде анықтау және дәлелдеме базасын қамтамасыз ету мақсатында Зияткерлік мектептің уәкілетті қызметкерлері келесі құқықтарға ие:
 – белгіленген тәртіппен қарастырылғанға дейін, тәртіп бұзушылықпен тікелей байланысты затты немесе құрылғыны алып қоюға;
 – Қазақстан Республикасының дербес деректерді қорғау және жеке өмірге қол сұқпау туралы заңнамасын сақтай отырып, оқиға болған орынды, заттарды және/немесе оқушының әрекеттерін құжаттау мақсатында қажетті көлемде фото- немесе бейнетүсірілім жүргізуге;
 – қажет болған жағдайда мән-жайларды растау үшін куәгерлерді (мектеп қызметкерлерін немесе басқа оқушыларды) тартуға.

2. Оқушы дереу мектеп әкімшілігімен (директор, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары немесе өзге уәкілетті қызметкер) әңгімелесуге шақыртылады.

3. Оқушының ата-аналарына (занды өкілдері) хабардар етіліп, оларды жағдайды талқылауға қатысу үшін шақыртылады.

4. Тәртіп бұзушылыққа қатысты материалдар тәртіптік комиссияның қарауына жіберіледі, ол Ережеге сәйкес тәртіптік жаза шараларын қолдану жөнінде ұсыныстар шығарады.

47. Тәртіп бұзушылық туралы акт осы Ереженің 2-қосымшасында белгіленген үлгі бойынша, тәртіп бұзушылықты анықтаған педагог-ұйымдастырушы-куратор немесе Зияткерлік мектептің өзге де уәкілетті қызметкері тарапынан, кемінде бір куәгердің (мектеп қызметкерінің) қатысуымен толтырылады.

9. Тәртіп бұзушылықтарды қарау тәртібі

48. Құқық бұзушылықтардың алдын-алу және тәртіпті нығайту жөніндегі жұмысты ұйымдастыру мақсатында Зияткерлік мектепте оқушылар арасында Тәртіптік комиссия құрылады. Тәртіптік комиссия елеулі және ауыр сипаттағы тәртіп бұзушылықтарды қарастырады.

49. Зияткерлік мектеп директорының немесе оны уақытша алмастыратын тұлғаның бұйрығымен әр оқу жылына Тәртіптік комиссияның құрамы бекітіледі және Тәртіптік комиссияның хатшысы анықталады. Тәртіптік комиссияның құрамына төраға, төрағаның орынбасары және комиссия мүшелері кіреді. Төраға болмаған жағдайда оның міндеттерін Тәртіптік

комиссия төрағасының орынбасары атқарады. Тәртіптік комиссияның құрамы тақ саннан тұратын мүшелерден құралады. Комиссия құрамына міндетті түрде келесі өкілдер кіреді: мұғалімдер, педагог-ұйымдастырушылар-кураторлар, заң қызметтерінің өкілдері, оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымының және ата-аналар комитетінің мүшелері. Мүшелер саны тараптардың теңгерімділігі мен өкілдігін қамтамасыз ету қағидаттарына сәйкес айқындалады. Тәртіптік комиссия мүшелері өз қызметін ақысыз негізде жүзеге асырады, өкілеттік мерзімі – 2 жыл. Тәртіптік комиссия құрамында қызмет атқару мерзімі аяқталған тұлғалар бұл құрамға қайтадан тек 2 жылдан кейін ғана енгізілуі мүмкін. Бұл талап заңгерге қолданылмайды – заңгер Тәртіптік комиссия құрамына тұрақты негізде кіреді. Тәртіптік комиссияның ұйымдастырушылық қызметін оның хатшысы қамтамасыз етеді. Хатшы Тәртіптік комиссияның мүшесі болып табылмайды және шешім қабылдау кезінде дауыс беру құқығына ие емес.

50. Тәртіп комиссиясы қажет болған жағдайда Төрағаның шақыруымен өз мәжілістерінде құзырына жататын төмендегі мәселелерді қарастырады:

1. Тәртіп жағдайының талдауы:
 - оқушылар арасындағы тәртіп жағдайын зерттеу және талдау;
 - тәртіп бұзушылықтардың алдын-алу мақсатындағы тәрбиелік және профилактикалық жұмыстың тиімділігін талдау;
2. Жанжалды жағдайларда:
 - оқушылардың тәртіпті бұзуына байланысты жанжалды жағдайларды қарастыру;
 - жанжалдардың себептерін анықтау және болашақта олардың алдын-алу шараларын әзірлеу;
3. Осы ережені бұзу:
 - осы Ережелерді және ДББҰ-ның басқа да нормативтік құжаттарын бұзу жағдайларын қарастыру;
 - ережені бұзған оқушыларға қатысты тәртіптік ықпал ету шараларын анықтау;
4. Оқушылардың жеке істері:
 - тәртіп бұзған оқушылардың жеке істерін қарау;
 - кінә дәрежесін бағалап, сәйкес тәртіптік жаза шараларын белгілеу.
5. Педагог-ұйымдастырушылармен және заңды өкілдермен жұмыс:
 - тәртіпті нығайту және құқық бұзушылықтардың алдын-алу жұмыстары жайлы педагог-ұйымдастырушылардың есептерін тыңдау;
 - мектеп пен оқушылардың заңды өкілдері арасындағы ынтымақтастықты қамтамасыз ету, тәрбиелік шараларды үйлестіру.
6. Тіркеуде тұрған оқушыларды бақылау:
 - бұған дейін тәртіптік жауапкершілікке тартылған оқушылардың тәртібін бақылау;
 - мұндай оқушылармен жеке жұмыс жоспарын әзірлеу және жүзеге асыру.
7. Профилактикалық жұмыс:

— Құқық бұзушылыққа бейім оқушыларды спорт секциялары, үйірмелер, қоғамдық пайдалы жұмыстар және басқа да сабақтан тыс іс-шараларға тарту;

— құқық бұзушылыққа бейім оқушылармен жеке жұмыс ұйымдастыру;

— балаларды тәрбиелеу мен оқыту жағдайларын жақсартуға бағытталған отбасылармен профилактикалық жұмыс жүргізу.

8. Дәлелдерді бағалау және шешім қабылдау:

— тәртіп бұзушылықтар туралы ұсынылған дәлелдемелерді қарау;

— фактілер мен дәлелдемелерге сүйене отырып, оқушыларды жауапкершілікке тарту немесе тартпауды негізді түрде шешу.

51. Тәртіптік комиссияның отырысы, егер оған комиссия мүшелері құрамының үштен екісінен астамы қатысса, құқықтық күші бар (өкілетті) деп есептеледі. Тәртіптік комиссияның шешімі отырысқа қатысып отырған мүшелердің көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда, Тәртіптік комиссия төрағасының, ал ол болмаған жағдайда – төраға орынбасарының дауысы шешуші болып табылады.

52. Тәртіп бұзушылықты қарастырудың негізі болып табылады:

1) Зияткерлік мектеп директорына мектеп қоғамдастығының мүшелері, зардап шеккен немесе өзге де тұлғалар ұсынған өтініш, шағым, жазбаша немесе ауызша нысандағы хабарлама, бұзушылық туралы акт;

2) тәртіпсіздік әрекет жасаған оқушылардың өтініші (хабарламасы).

53. Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары оқушыны тәртіптік жауапкершілікке тарту мүмкіндігі туралы оқушының бір заңды өкілін хабардар етуге міндетті. Сонымен қатар, оқушыдан жазбаша түсініктеме талап етіледі, ол түсініктемені оқушы заңды өкілімен бірге 1 (бір) жұмыс күні ішінде ұсынуға міндетті. Егер оқушы түсініктеме беруден бас тартса, Зияткерлік мектептің үш қызметкері қатысып, акт толтырады. Заңды өкілге хабарлама телефон қоңырауы, мессенджерлер арқылы хабарлама жіберу немесе электрондық пошта арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

54. Оқушының жазбаша түсініктеме беруден бас тартуы оған қатысты тәртіптік жазаны қолдануға кедергі болмайды.

55. Зияткерлік мектеп қызметкерінің тікелей қатысы немесе жанама түрде қызығушылығы бар болса оқушыға қатысты онда оның тәртіп бұзушылық туралы шешім қабылдауға қатысуға жол берілмейді (мысалы, педагогқа қатысты тәртіп бұзушылық жасаған оқушы). Бұл қызметкер куәгер бола алады, бірақ шешім қабылдауға немесе Комиссия мүшелеріне әсер етуге құқығы жоқ. Осы талапты сақтамау шешім нәтижелерін жарамсыз деп тануға әкелуі мүмкін

56. Жасалған тәртіпсіздік әрекетін қарастыру барысында Тәртіп комиссиясы келесі жағдайларды тағайындайды:

1) тәртіптік теріс қылық шынымен орын алды ма (теріс қылық фактісі);

2) ол қайда, қашан, қандай жағдайда және қандай мақсатта жасалды (орны, уақыты, тәсілі) ;

- 3) тәртіп бұзушылық қандай түрде көрініс тапқаны;
- 4) тәртіп бұзушылық жасаған адам;
- 5) белгілі бір оқушылардың әрекеті (әрекетсіздігі) бойынша кінәлілігі, тәртіп бұзушылықты бірнеше тұлға жасаған жағдайда әрбір оқушының кінәсінің формасы мен дәрежесі;
- 6) теріс қылықтың салдары қандай;
- 7) оқушының жауапкершілігін жеңілдететін және ауырлататын жағдайлар;
- 8) оқушының тәртіптік жауапкершілігін алып тастайтын жағдайлар;
- 9) оқушының бұрынғы және кейінгі мінез-құлқы;
- 10) теріс қылық жасауға ықпал еткен себептер мен жағдайлар;
- 11) тәртіптік теріс қылықтың ДББҰ имиджіне әсері;
- 12) комиссия мүшелері немесе процестің басқа қатысушылары арасындағы ықтимал мүдделер қақтығысы немесе бұрмалау;
- 13) жиналған дәлелдемелердің Зияткерлік мектептің құқықтық нормалары мен ішкі қағидаларына сәйкестігі;
- 14) тәртіптік теріс қылықтың басқа оқушыларға және мектеп қоғамдастығына әсері;
- 15) тәртіптік теріс қылықты дұрыс және объективті қарау үшін маңызы бар басқа да фактілер.

57. Тәртіп мәселесіне қатысушыларының біреуі келмей қалған жағдайда мәселені қарастыруды кейінге қалдыру үшін негіз бола алмайды. Бұл жағдайда басқа тұлғалардан алынған түсініктемелер мен барлық материалдар қарастырылып, зерттеледі.

58. Оқушының заңды өкілінің қатыса алмауы жағдайында (басқа елді мекенде болған кезде) бейне байланыс арқылы қатысуы рұқсат етіледі. Мұндай мүмкіндік болмаған жағдайда заңды өкілдің жазбаша ұсынысы қабылданады.

59. Тәртіп бұзушылықтың орын алғандығын дәлелдейтін кез-келген мәліметтер мен нақты деректер Тәртіптік комиссияға тәртіп бұзушылық белгілерінің бар-жоғын және маңызы бар жағдайларды анықтауға негіз болады.

Барлық дәлелдер олардың шынайылығы мен қабылдану мүмкіндігі тұрғысынан тексеріледі. Заң немесе рәсімдердің бұзылуымен алынған дәлелдер істің қаралу барысында қолданылмайды.

Тәртіптік комиссия іс бойынша жан-жақты және объективті қарастыруды қамтамасыз ету мақсатында қосымша материалдар мен ақпарат талап етуге құқылы. Сонымен қатар, Тәртіптік комиссия ұсынылған дәлелдердің шынайылығын және маңыздылығын анықтау үшін мамандарды (мысалы, цифрлық дәлелдерді тексеруге арналған IT мамандарын) тартуға мүмкіндігі бар.

60. Дәлелдер ретінде рұқсат етіледі:

- 1) оқушының түсіндірмесі;

- 2) куәгерлердің түсіндірмесі;
- 3) заттай дәлелдер;
- 4) құжаттар.
- 5) сараптама нәтижелері (керек болса).

Түсіндірмелер – ауызша немесе жазбаша түрде хабарланатын оқушының тәртіпсіздік әрекетіне және тәртіптік жауапкершілігіне қатысы бар мәліметтер. Заттай дәлелдер ретінде кез- келген заттар танылады:

- 1) тәртіпсіздік әрекетін жасаған кезде қолданылған;
- 2) оқушының әрекеті бағытталған жағдайлар;
- 3) тәртіпсіздік әрекетін жасау нәтижесінде алынған ақша, құнды және басқа да мүліктер;
- 4) тәртіпсіздік әрекетінің іздері сақталған заттар және құжаттар.
- 5) тәртіп бұзушылыққа байланысты электрондық құрылғылар мен цифрлық деректер.

Құжаттар – тәртіп жөніндегі жаза қолдану туралы сұрақты шешу үшін жазбаша түрде мазмұндалған маңызы бар мәліметтер. Құжаттар жазбаша түрде, сондай-ақ басқаша түрде тіркелген мәліметтерді білдіруі мүмкін. Оған фото және кинотүсірілім материалдары, аудио және бейнежазбалар, электрондық хабарламалар мен хат- хабарлар, бейнебақылау камераларынан алынған деректер, электрондық құжаттарды басып шығарылған көшірмелері, басқа да ақпарат тасушы көздер сияқты материалдарды жатқызуға болады.

61. Тәртіптік жаза Зияткерлік мектеп оқушысы ауырған немесе себепті жағдайдарда (ем қабылдауда болу, туыстары немесе жақын туған немесе туысқан адамдарының қазасына баруы, форс-мажор) қолданылмайды .

62. Тәртіп бұзушылық жасаған оқушыға қатысты Тәртіптік комиссия осы Ереженің 63-тармағында көрсетілген тәртіптік жазалау шараларын және (немесе) осы Ереженің 3-қосымшасына сәйкес тәрбиелік ықпал ету шараларын қолданады.

63. Тәртіп жөніндегі жаза шараларына жатады:

- 1) ескерту;
- 2) сөгіс;
- 3) қатаң сөгіс;
- 4) мектептен шығару.

64. Әрбір тәртіптік бұзушылық үшін тек бір ғана тәртіптік жаза қолданылады.

Тәртіптік жазалау шараларының қатандық реті міндетті түрде сақталмайды. Тәртіптік жаза тәртіп бұзушылықтың сипатына, ауырлық дәрежесіне, оның салдарына, сондай-ақ оқушының мінез-құлқына байланысты айқындалады. Қажет болған жағдайда бірден қатаң жаза қолданылуы мүмкін.

Бір тәртіп бұзушылық үшін қатаң тәртіптік жаза қолдану келесі тәртіптік бұзушылықтар үшін осыған ұқсас немесе басқа жаза қолдануға кедергі болмайды. Әрбір тәртіп бұзушылық жеке қаралып, оның деңгейіне сәйкес бағаланады.

65. Тәртіптік комиссия оқушыны мектептен шығару түріндегі тәртіптік

жаза қолдану туралы қорытынды шығарған жағдайда, Педагогикалық кеңестің кезектен тыс отырысы шақырылады. Педагогикалық кеңестің шешімімен оқушы Зияткерлік мектептен шығарылуы мүмкін.

66. Тәртіп бұзушылық жасаған оқушылардың, сондай-ақ олардың заңды өкілдері құқылы:

1) тәртіптік бұзушылықты қарастыру барысымен танысуға, түсініктеме беруге, өтініш хат беруге, дәлелдеме беруге;

2) түсініктеме беруден бас тартуға, бұл жағдайда тәртіптік комиссияның мүшелері оқушының түсініктеме беруден бас тартуы туралы хаттама жасайды;

3) шешім қабылданғанға дейін тәртіптік комиссия жұмысының нәтижелерін жария етпеу туралы талап етуге;

4) оқушыға қатысты шығарылатын бұйрықтар мен өзге де құқықтық актілердің көшірмесін алуға.

67. Егер оқушының тәртіп бұзушылық қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық құрамының белгілерін қамтыса, Зияткерлік мектеп директоры болған оқиға туралы оқушының заңды өкілдеріне, ДББҰ құрылымдық бөлімшесіндегі тәрбие жұмысын ұйымдастыратын күзиретті өкілдерге, құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне хабар береді.

68. Тәртіптік комиссияның шешімі ұсынымдық сипатқа ие. Оқушының тәртіптік бұзушылық жасағанын растайтын нақты дәлелдер қамтылған материалдар, Тәртіптік комиссия хаттамасы немесе Педагогикалық кеңестің шешімі негізінде түпкілікті шешімді Зияткерлік мектептің директоры қабылдайды және бұл шешім бұйрық түрінде рәсімделіп, оқушының жеке ісіне тіркеледі.

69. Оқушыға тәртіптік жаза қолдану туралы бұйрықтың көшірмесі, оны қолдану негіздері көрсетіліп, оқушыға және оның заңды өкілдеріне қолхат арқылы табыс етіледі. Оқушы немесе оның заңды өкілдері бұйрықпен қолхат арқылы танысудан бас тартқан жағдайда, бұйрықтың көшірмесі тапсырыс хат негізінде табыс етілгені туралы ескертумен пошта арқылы жолданады.

70. Зияткерлік мектептің директоры тәртіптік жазаны мерзімінен бұрын алып тастауға құқылы – өз бастамасымен, мұғалімнің немесе оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымы өкілдерінің өтініші негізінде, егер оқушы оқу процесіне адал көзқарас танытып, жаңа немесе қайталанған тәртіп бұзушылықтарға жол бермеген жағдайда.

71. Тәртіп жөніндегі жаза алынып тасталған сәттен бастап немесе соңғы тәртіп жөніндегі жаза қолданылған күннен бастап 6 (алты) ай өткен соң, оқушы тәртіп жөнінде жазасы жоқ деп есептелінеді.

10. Оқушының заңды өкілдерімен өзара қарым-қатынас орнатуды ұйымдастыру

72. Зияткерлік мектеп әкімшілігі, мұғалімдер, педагог-ұйымдастырушы-кураторлар мен оқушылардың заңды өкілдері арасындағы өзара іс-қимылды ұйымдастырудың негізгі міндеттері:

1. Заңды өкілдерді мектептің өзін-өзі басқару ұйымдары (ата-аналар комитеті, қамқоршылық кеңесі, марапаттау және тәртіптік комиссиялар) арқылы білім беру процесіне тарту, бұл ретте құпиялықты сақтау, дербес деректерді қорғау және мүдделер қақтығысын болдырмау талаптарының орындалуын қамтамасыз ету;
2. Заңды өкілдердің педагогикалық білімдері мен тәрбиелеу дағдылары бойынша хабардарлығын арттыру (Ата-аналар университеті, балалар мен ересектер арасындағы өзара қарым-қатынастың психологиялық аспектілері туралы бейне материалдар);
3. Заңды өкілдердің кәсіби және жеке тәжірибесін білім беру процесінде пайдалану;
4. Заңды өкілдердің белсенді азаматтық ұстанымын қалыптастыру, оның ішінде мерекелік, спорттық, бос уақытты ұйымдастыру және кәсіби бағдарлау іс-шараларына қатысуы арқылы іске асыру.

73. Зияткерлік мектеп әкімшілігі, мұғалімдер, педагог-ұйымдастырушы-кураторлардың оқушылардың заңды өкілдерімен өзара іс-қимылын ұйымдастыру келесі бағыттарды көздейді:

1. оқушының тәрбиесі бойынша жанұясының мүмкіндігін анықтау мақсатында зерттеу жүргізу;
2. оқушының мектеп пен отбасындағы әл-ауқаты мен ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынасты жақсарту мәселелері бойынша заңды өкілдерге кеңес беру;
3. Мектепте заңды өкілдер үшін Ашық есік күнін ұйымдастыру және өткізу, осы күні сабақтың кез-келген түріне қатысу құқығын беру.

74. Зияткерлік мектеп әкімшілігі, педагог, педагог-ұйымдастырушы-кураторлар оқушының келеңсіз әрекеттеріне қатысты оны түзету және қайталауды болдырмау мақсатында оның заңды өкілдеріне балаларының тәртібіне байланысты бірлескен шаралар қолдануы туралы хабарлауға міндетті. Оқушының заңды өкілдері мен Зияткерлік мектеп өкілдерінің кеңесу мақсатындағы әңгімелесуі өткізіледі.

11. Даулы мәселелерді шешу

75. Оқушылар өздігінен немесе өздерінің заңды өкілдері арқылы Зияткерлік мектеп әкімшілігіне жүгінуге құқылы:

1) оқу процесін жетілдіру, сабақты оқыту сапасы, кітапхана, асхананы пайдалану тәртібі, медициналық қызмет және Зияткерлік мектептің өзге де құрылымдық бөлімшелеріндегі қызметтері, оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және оқушылардың мүддесін көздейтін басқа да сұрақтар бойынша өтініш білдіруге;

2) Зияткерлік мектеп оқушылары мен қызметкерлеріне шағымдануға.

76. Оқушылар тарапынан түскен даулы мәселелерді қарастыру оқушы немесе оның заңды өкілінен мәселенің барлық мән-жайы толық және нақты фактілермен бекітілген өтініштің негізінде жүргізіледі.

77. Жасырын түрде түскен хабарламалар ресми шешім қабылдауға негіз ретінде қаралмайды, алайда мектеп тәуекел туралы құпия түрде берілген

сигналдарды (буллинг, зорлық-зомбылық, суицидке бейімділік) қабылдап, оларды балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі белгіленген рәсімге сәйкес талдап, тексеруді жүзеге асырады.

78. Зияткерлік мектеп әкімшілігі оқушылар мен олардың заңды өкілдерін алдын-ала белгіленген уақыт бойынша жеке қабылдайды.

12. Қорытынды ережелер

79. Осы Ереже ДББҰ Басқармасы бекіткен күннен бастап күшіне енеді.

80. Тәртіп бұзушылық үшін тәртіптік жазаны жоятын, жауапкершілікті жеңілдететін немесе бұзушылық жасаған адамның жағдайын өзге де жолмен жақсартатын осы Ереженің кері күші болады, яғни осы Ереже күшіне енгеннен кейін ереже бұзған адамдарға қолданылады.

81. Осы Ереже қолданысқа енгізілгенге дейін басталған тәртіптік іс-шаралар тәртіп бұзушылықты қарау басталған күні қолданыста болған Ережеге сәйкес жүзеге асырылады.

Қосымша 1
«Назарбаев Зияткерлік
мектептері» дербес білім беру
ұйымы
Басқарма шешімінің
2025 жылғы _____ (хаттама
№ ____)
бекітілген Назарбаев Зияткерлік
мектептері
оқушыларына арналған ішкі тәртіп Ережесі

ДББҰ нормативтік құжаттарымен танысу
ЖУРНАЛЫ

(Зияткерлік мектеп)

№	ДББҰ ның нормативті құжаттың атауы	Оқушы ның аты- жөні	Сынып	Таныстым (қолы)	Занды өкілдің қолы	Таныстым (қолы)

Қосымша 2
«Назарбаев Зияткерлік
мектептері» дербес білім беру
ұйымы
Басқарма шешімінің
2025 жылғы _____ (хаттама
№ _____)
бекітілген
Назарбаев Зияткерлік
мектептері оқушыларына
арналған ішкі тәртіп Ережесі

**Назарбаев Зияткерлік мектептерінің оқушылары үшін ішкі тәртіп
ережелерін бұзу туралы Акт**

Мерзімі: [акт толтырылған күні]	
Орны: [мектеп, сынып, кабинет]	
Акт құрастырушысы: Аты-жөні: [Құрастырушының аты-жөні]	Лауазымы: [құрастырушы лауазымы] _____
Тәртіп бұзушылықтың сипаттамасы (күні, уақыты және орны)	
Ата-аналар және өзге де заңды өкілдермен кездесуге қатысуға уәкілетті педагогтің немесе Ұйымдастырушы-педагог - куратордың қолы мерзімі: <i>Керек жерінің астын сызыңыз</i>	
Оқушының қолы Күні:	

Актімен таныстым:

Ата-ананың немесе заңды өкілдің қолы

Қосымша 3
«Назарбаев Зияткерлік
мектептері» дербес білім беру
ұйымы
Басқарма шешімінің
2025 жылғы _____ (хаттама
№ _____)
бекітілген Назарбаев
Зияткерлік мектептері
оқушыларына арналған ішкі
тәртіп Ережесі

Тәрбиелік ықпал ету шаралары

№	Тәртіп бұзушылықтың түрлері	Тәрбиелік ықпал ету шаралары
1	Жеңіл тәртіп бұзушылық	Педагогтар, ұйымдастырушы-педагог-кураторлар, педагог-психологтар және Зияткерлік мектептің басқа да қызметкерлері : - оқушымен жеке әңгімелер өткізеді; - оқушы "қолдау" топтарын ұйымдастырады; - мектеп педагог-психологының кеңестерін ұсынады, оқушыны қолдау бағдарламаларына қатысады (заңды өкілдердің міндетті келісімімен); - қосымша сабақтарды ұйымдастырады (үйірме, клуб, қоғамдық-пайдалы жұмысқа қосу); - мектепте тәртіп бұзушылық фактілері бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізеді; - оқушының әрекетіне қатысты өзі және оның заңды өкілі қол қойған оқушының іс-әрекетінің жазбаша түсіндірмелерін жинақтау және талдау жасау – мектепте жиі тәртіп бұзушылықтардың себептеріне талдау жүргізеді- сабақтарда, таңертеңгілік жиындарда, кураторлық сағаттарда, Шаңырақ сағаттарында, жалпы мектептің жиындарда, тәрбие іс-шараларында талқыланатын тақырыптар ретінде қарастыру; - тыйым салынған заттарды алып, оқушының заңды өкіліне қайтарады; - көпшілік алдында кешірім сұрау немесе ескерту жасау міндеті жүктеледі. Оқушының заңды өкілдері:

		-электрондық пошта немесе смс-хабарлама арқылы оқушыларға орын алған тәртіп бұзушылық туралы хабарлама алады; - мектеп қызметкерлерімен әңгімелесу үшін мектепке шақырылады; - Назарбаев Зияткерлік мектептері оқушыларының ішкі тәртіп ережелерін бұзу актісіне, тәртіптік жаза қолдану туралы бұйрыққа (егер бар болса)қол қояды; Оқушылар: - Назарбаев Зияткерлік мектептері оқушыларының ішкі тәртіп ережелерін бұзу актісіне, тәртіптік жаза қолдану туралы бұйрыққа (егер бар болса) қол қояды; - сынып жиналысында тәртіп бұзушылықтың себептері талқыланады, оқушылардың мінез-құлқын жақсарту бойынша шешімдер қабылданады; - оқушылар арасындағы жанжалды бейбіт жолмен реттеуде құрдастарының араласуымен жүзеге асырады; - "Шаңырақ" оқушылар қауымдастығы, сынып ішіндегі тәлімгерлік.
2	Елеулі бұзушылық тәртіп	Педагогтар, ұйымдастырушы-педагог-кураторлар, педагог-психологтар, мектеп әкімшілігі: - жеңіл бұзушылықтар кезінде қабылданатын барлық шараларды жүзеге асырады; - заңды өкілдердің қатысуымен тәртіп бұзушылыққа жол берген оқушымен әңгімелесу жүргізеді; - 6 ай ішінде оқушының мінез-құлқы туралы апта сайынғы есеп жасайды; - Назарбаев Зияткерлік мектептерінің оқушыларының академиялық адалдығын сақтау ережесіне сәйкес кешенді шараларды жүзеге асырады; - мектептің психологиялық-педагогикалық консилиумына қатысады; - материалдар дереккөзден алынады, мектептің тәртіптік комиссиясының отырысында тәртіп бұзу әрекеттері қарастырылады, жалпы мектеп іс-шараларында талқыланады; — оқушының мектептен тыс курстарға,

		экспедицияларға, оқушылармен алмасу бағдарламаларына, олимпиадаларға, конкурстарға, басқа да білім беру жиындарына, іс-шараларға қатысу мүмкіндігін шектейді; - оқушыны мектептегі қоғамдық пайдалы жұмысқа тартады. Оқушының заңды өкілдері: – екі аптадан төрт аптаға дейінгі сынақ мерзімін көрсете отырып, оқушының теріс мінез-құлқын түзету міндеттемесімен тәртіптік жаза қолданумен танысу туралы бұйрыққа қол қояды, - оқушының мінез-құлқынан зардап шеккендерден ауызша немесе жазбаша түрде кешірім сұрайды. Оқушылар: - сыныптың, "Шаңырақ" оқушылар қауымдастығының жиналысында тәртіп бұзушылықтың себептерін талқылайды, жағдайды жақсарту бойынша шешімдер қабылдайды; - жанжалдарды бейбіт жолмен шешуде медиацияны қолданады; - сынып ішінде, "Шаңырақ" оқушылар қауымдастығында тәлімгерлікті жүзеге асырады; - зардап шеккен тараптан ауызша немесе жазбаша түрде кешірім сұрайды.
3	Маңызды тәртіп бұзушылық	Педагогтар, ұйымдастырушы-педагог-кураторлар, педагог-психологтар, мектеп әкімшілігі: - елеулі бұзушылықтар кезінде қабылданатын барлық шаралар; - "Назарбаев Зияткерлік мектептері" оқушыларының академиялық адалдығын сақтау ережесіне сәйкес шаралар кешені; - мәселені мектептің Тәртіптік комиссиясында қарау және тиісті шаралар қабылдау; - Kiva-ның буллингке қарсы бағдарламасында көзделген буллинг, кибербуллинг жағдайлар орын алғанда рәсімдеріне сәйкес буллингке, кибербуллингке қатысқан оқушылармен әңгімелесу шараларын өткізу. Оқушылар: - сынып жиналысында, "Шаңырақ" оқушылар қауымдастығында, жалпы мектеп

		жиналыстарында тәртіп бұзушылықтың себептерін талқылайды, оқу ортасын жақсарту бойынша шешімдер қабылдайды; - жанжалдарды бейбіт жолмен шешуде медиацияны қолданады; - сынып ішінде, "Шаңырақ" оқушылар қауымдастығында тәлімгерлікті жүзеге асырады; - оқушының мінез-құлқынан зардап шеккендерден ауызша немесе жазбаша түрде кешірім сұрайды. Оқушының заңды өкілдері: - екі аптадан төрт аптаға дейінгі сынақ мерзімін көрсете отырып, оқушының теріс мінез-құлқын түзету міндеттемесімен, тәртіптік жаза қолданумен танысу, келтірілген залалды өтеу туралы бұйрыққа қол қояды; - мүлікті, заттарды жөндеу, қалпына келтіру, сондай-ақ мүлік құнының ақшалай өтемақысын өтеу арқылы тиісті жағдайға келтіреді; - зардап шеккен тараптан ауызша немесе жазбаша түрде кешірім сұрайды.
--	--	---